



БҰЙРЫҚ

13.05.2024

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 126

город Астана

**Химия және биология пәндері бойынша
7-8 сынып оқушылары арасында республикалық
олимпиаданы өткізу туралы**

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес және Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 13 мамырдағы №810 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының интеллектуалдық іс-шараларды ұйымдастыру және Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Ш.Қалқабаева химия және биология пәндері бойынша 7-8 сынып оқушылары арасында республикалық олимпиаданы (бұдан әрі - Олимпиада) 2024 жылдың 13 мамырында «Думан» қонақ үй базасында, 14 мамырында Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті базасында өткізуді ұйымдастырсын.

2. Олимпиаданың қазылар алқасы құрамы келісімдері бойынша қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының бас есепшісі Қ.Хамитова қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған жоғары оқу орындары оқытушыларының сағаттық төлемақысын келісім шарт негізінде осы орталықтың 2024 жылғы қаржыландыру жоспарында белгіленген көлемде төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Абишеваға жүктелсін.

Қосымша: п.

Директор

Ж. Бейсенбаева